

# ANTIBIOTICS

OBJECTIVE: TO FAMILIARISE-CANCER PATIENT

# 16 мамыр — қазақтың көрнекті ақыны Есенбай Дүйсенбайұлының туған күні. Қазақ поэзиясына өз өрнегін қосқан нақұшты жырлардың иесі бұдан 75 жыл бұрын дүниеге келіп өді.

Боз құсы болып бір белдің,  
Мен сені, Өмір, қорғаймын.  
Діріліменен гүлдердің,  
Шырылыменен торғайдың!

Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ.

Ол кезде комсомол жасындағылардың Алматыдан шалғайда гүмбір көшіп жүріп жеке жыр жинақ шығаруы тіпті де оңай-оспақ шаруа емес еді. Өзіміз анық білетін бірер фактілерге жүгінсек, Қарқаралыдағы Серік Ақсұңқарұлының 20 өлеңнен құралған «Жиырмасыншы ғасырдың жиырма сәті» атты титімдей жинағы «Жалын» баспасынан 34 жасында жарық көрсе, Темірландағы Нармахан Бегалиев «Жазушы» баспасынан шыққан дәл сондай алғашқы «Шаттық күйі» жинағымен бұл құрметке 31 жасында іліккен. Сол себепті қазір жылтыр мұқабамен кітап шығарып жатқан астаналық емес, алматылық емес, алыс өңірлік жас қаламгерлер, ең алдымен мына заманға, тәуелсіздік әкелген ырыс-нәсібеге шын ризашылықтарын айтып отыруға тиіс. Әрине, бұл жайт — әңгімеміздің әншейін ғана тұздығы. Әйтпесе сол Серігіңіз де, сол Нармаханңыз да көштен қалып қойған ештеңесі жоқ.

Көштен қалмағандардың бірі Жарқамыс пен Қарауылкөлдің арасын шаңдатып жүріп жазған өлеңдерін оқырманға 31 жасында 32 беттік 11 тиындық пышақтың қырындай «брошюра» етіп жеткізген Есенбай Дүйсенбайұлы (ол кезде Дүйсенбаев) еді. Баспаханалық ең ұсақ шрифтімен — петитпен терілген жинақтың «Бозала таң мен бозторғай» деген атауы қағаз мұқабаға толығымен сыймай, «Ала таң-бозторғай» болып басылғаны және рас. Бұл туралы Сағи Жиенбаевтың: «...Жетпісінші жылдардың басында Есенбайдың «Бозала таң мен бозторғай» атты жұп-жұқа кітабы жарық көрді. Кітаптың шағындығы сондай, мұқабаасына аты зорға сыйған еді» деп куәлік ететіні бар. Ал ең қызығы, осы жинақ туралы жақсы лебіздер баспасөз беттерінде аз жарияланған жоқ: Аян Нысаналин, Сәбит Баймолдин, Дәуітәлі Стамбеков, Жанболат Аулаев, Хасежан Талғаров, Кеңесжан Шалқаров, Өмірбай Сәуірбаев, т.б. Мысалы, Аян ағамыз: «...Есенбай Дүйсенбаев өзінің «Бозала таң, бозторғаймен» әдебиетке жаңа есім қосылғанын, поэзияда периферия жоқ екенін дәлелдей келді» деп жазыпты. Тіпті кейін Есағанның пәленбай жылдық шығармашылық өнербаянын талдағандар да осы алғашқы жинаққа бір соқпай өтпейтін болды. Оның куәсі, мысалы, мақалалардың атаулары: «Боз даланың бозторғайы» (С.Жиенбаев), «Боз жусанды даланың бозжорғасы» (Ф.Оңғарсынова), «Бозала таңның боз жаңбыры» (Р.Ниязбеков), «Бозаңдағы бозторғай» (Ф.Жайлыбай)...

Рас, Есағаң бұдан соң да талай кітаптарды дүниеге әкелді, талай тақырыптарды қозғайды, талай оқырманды тамсандты. Дегенмен сол «Бозала таң мен бозторғайдың» орны тіпті бөлек екенін ескермеуге болмайды-ақ. Айталық, Тыныштықбектің үміткерлердің үлгісіне айналып кеткен кейінгі өлеңдеріне қаншалықты сүйсінесек те, бәрібір заманында «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялануы арқылы сөз танитын қазақтың бәрін тосын елең еткізген кейін «Ақшам хаттары» атты алғашқы жинағына енген шыррайлы топтамасын ұмыта алмаймыз. Өйткені ол әлбетте, таныс, бірақ мүлде басқаша бедерленген өлем еді: Тыныштықбектің қой қоздаған көктемі, Тыныштықбектің сусар шілікті аптабы, Тыныштықбектің есік тырналаған бораны...

Міне, Есағанның бозала таң мен бозторғайы да тап сондай, ешкім таласа алмайтын жеке мәңшіктік суреттер. Оқыңыз:

...Өзіңіз күндер оза ма,  
Отырмын тағы ой толғай:  
Таңымның аты — Боздала,  
Торғайдың аты — Бозторғай.

Қалыпты басқа сөз құрып,  
Даланың аты — Боздала.  
Жігіттің аты — Бозжігіт,  
Баланың аты — Бозбала.

Шулардан шаршап тозаанда,  
Жайлауға барсам өзім мен,  
Жорғаның аты — Бозжорға,  
Күйдің де аты — Бозінген.

Ан-2 мініп, ақыным,  
Аспанда бір сәт көз жұмсаң,

Ырғыз, тіпті Ақтөбе-Жарқамыс әуе маршруттарына да пайдаланылды. Асықпай ұшатындықтан және жерге жақындап қалықтайтындықтан Ан-2-нің ішінде жусан иіскеп отыру шындыққа қаншалықты сыйымды болса, жеті қат бұлттардан әрі асып кететін ірі лайнерлерге өзіңмен бірге жусан ала кіру соншалықты сенімсіздеу көрінер еді. Әйгілі «Подмосковные вечера» өнін алғашқы орындаушы ретінде ерекше есте қалған орыс-та белгілі әнші Владимир Трошин орындайтын «А мы летаем на Ан-2» деп аталатын өнде: «...Мотор над пашней весело поет, Росой искрит-ся бархатная озимь. Нам сверху

лы көлге жетіп, Қара орманда қасқыр қамап, Тарғақ ұшпас шөлден өтіп...» келеді екен.

Мұндай шумақтар Есенбай ақын-да жетерлік-ақ. Оқиық:

...Сыбызғысы зарлауық қыр  
Сыпсыңдарды көлге күреп,  
Жапалақтап қар жауып тұр,  
Жар басында жел мөңіреп...

Кәдімгі қыр, көзкөрген көл жарты-кеш жар, үйрешікті жел шіркін ше-бер лириктің қаламына ілінген шақ-та бұлғарға қалай-қалай жан бітіп кетті, ей?! Немесе мына шумаққа үңілейік:

...Қиқуға толып қиыр бар,  
Будақ та будақ бұлт өріп,

сым Жемнің суы неге сонша жұмсақ болатынын ұқпай қойды. Аттылы-жаяулы талай қантөгіс жорықтардың қан-тері тамған өзен де өткен-кеткен көлденең көк аттыларға да сонша мейірімін төге береді екен-ау...».

Мейірімді табиғаттың құшағында әлдиленген соң ба екен осы аймақ-тан шыққан осы аймақты әйгілеген қаламгерлер баршылық-ақ: «...Жетті ме көктем Жемге де, Кетті ме қыстың ызғары» (Сағи Жиенбаев); «...Көгілдір Жемнің бойында Жарқамыс дейтін ауыл бар» (Өтежан Нұрғалиев); «...Қараушы едік қанбай думан-дуылға, Көлден көріп Жемнің аппақ қуын да» (Сәбит Баймолдин)...

# Есенбай Әуендерінің әлемі

Иіскеп отыратуғын  
Дерінің аты — Бозжусан.

Азамат кетсе бір асыл  
Боздағым деп те жатар көп.  
«Бозторғай құстың ұясы  
Бозаңда болар» (Махамбет)...

Әрине, «Түсіндіме сөздікке» үңілсеңіз, боз бояуы бар атауларды бұдан әлдеқайда мол табар едіңіз. Оның үстіне соларды (боз түстен де басқа бірқатар бояуларды) мол тауып, қағазға мелдекетте түсіргендер де жоқ емес. Сондай-сондай шумақтарға кезіккенде тілі дәм ажырату-дан қателесіп көрмеген Қалихан Ысқақовтың бір эссесіндегі мына жолдар еске түсе беретіні бар: «...Ректордың алдындағы іс хатшысы бетінің бояуы бес қадақ ұйғыр қатыны қасының сүрмесін құлағына жеткізіп отыр екен, штуркатуры сынып кететіндей езуін ғана жыбыр-латып: «іште кісі бар» деп жібермей қойды...». Ал Есағаң бояуды олайша баттастырып жақпайды, титтей жұғындыны қарапайым кенепке (яғни қағазға) сөл гана сүйкей сала-ды да, жылдам ұсына қояды: «Бой-жеткен орман, ну орман Бозала сулық бүркеніп...» немесе «Бозбала күннің гимні — Бозала таң мен бозторғай». Бірақ қол бояуға қатты ба-тыңқырап кетсе, әлгі көркем көріністің реңі бұзыла салатынын және ұмытуға болмайды. Жоғарыда шумақтардың біріндегі «Ан-2 мініп, ақыным, Аспанда бір сәт көз жұмсаң, Иіскеп отыратуғын Дерінің аты — Бозжусан» деген шумақтың бастапқы жолын Есағаң, неге екені белгісіз, кейінгі кітаптарында «Әрі асып бұлттан ақыным» деп өзгертіп жүрді. Бұлттан әрі асу кешегі «Ил», «Ту», бүгінгі «Бонинтерге» жарасым-ды-ақ, әрине, бірақ Ан-2-ге де, жу-санға да қол емес. Себебі мынау. «Кукурузник» деген ауызекі қосым-ша атауы бар Ан-2 ұшағы бағыз кез-еңдерде ауыл шаруашылығына пайдаланылатын еді және мамыр-маусымда өзіміз өскен шалғайдағы ауылдардың маңайындағы егістік-терге зиянкестерді жоятын улы дәрілер сөуіп жүретін көнекөз таны-сымыз еді. Оған қоса жоллаушылар тасуға да лайықталып, әлденеше жылдар бойы Ақтөбе-Ойыл-Ақтөбе-

видно, что земля нас ждет, Что золо-тою будет нынче осень» деген жол-дар бар екендігі де осы сөзіміздің дәлелі. Демек, Есағанның өз сөзін өзіне қайтарып беруіміз керек.

Жалпы бүйректі бүлк еткізе түсетін тапқыр да татымды жолдарды Есағаң аяқ астынан тауып ала қоятын. Бірақ сол бөлекше деталь-дарды ащы ішектей созып, ретсіз жұбатылып отыруды мақұл көрмейтін сіре, оқырманның обалын ойлайтын болуы керек, өлгідей сол көрікті күйінде жеке қалдырып кете беретін. Міне, тап осы арада айта кетпесек, жіптей нәзік желісі үзіліп қаларлықтай бір гөп бар. Әсіресе Есағаң қатарлы қаламгерлерді әде-биетке ең әуелі батырлар жырлары-немесе лиро-эпостық дастандар баулыды. Әріп танымай өткен өже-леріне «Қобыланды батырды» неме-се «Ер Тарғынды» қыс айларының қысқа күні өңкейген шақтарда білте шамның өлеусіреген жарығымен мың сан мөрте судыратып оқып берген-дер де негізінен солар еді. Жазушы-лық лабораториясы туралы баян еткен аға қаламгерлердің сыр-сұхбаттарынан бұл фактіні көбірек кездестіруге болады. Есағанның тап сол шақтарда нәрленген сөздік қоры бергі заманы жырларында да шу-мақталып құйылып жататыны бар.

Бөлекше детальдар деп айдарлап отырғанымыз — осылар. Мысалы, аңыз бойынша италақыздың үш жұмыртқасының біреуінен тазы бо-лып шығатын құмайды ақын «Же-бедей болып азынар, Жетпейді оған сұңқарлар, Жердегі бүкіл тазылар, Желден де жүйрік тұлпарлар» деп желдірте суреттей көле, оның шабы-сын тура көне жырлардағыдай «Ке-сіртке көзді шөлдерден Кесе таулар-дан тіс-түрен, Кес-кестеп шыққан көлдер мен Дариялардың үстінен...» деген жолдармен өсерлі әдіптей ала жөнеледі. Тайбурлыдың шабысын есіңізге түсіріңізші: «...Арандай аузын ашады, Аяғын топ-топ баса-ды, Бір төбенің тозаңын Бір төбеге қосады...». Ал қызғалдақты көктем Есағанның мөлімдеуінше «Мұзарт, сеңгір тауларды асып, Мөңкіп жат-қан теңіз көшіп, Ен шаһарда баулар басып, Елсіз түзбен егіздесіп; Тар-ғыл шыңда тас тырналап, Тарбақа-

Мойның бір созаан сиырлар  
Көкжиек-көлге сүйкөніп...

Бұл жолдар пәленбай елдің пәлен-бай ақындарының кітаптарын оқып, өркеніетті жұрттың әдебиеті қандай болуы керектігі жөнінде қайта пікір түйген соң қағазға түскен оқымыс-ты тіркестер емес, Жарқамыстағы қамкірпіштен соғылған бөкене үйге кіре салған бетте көкіректен лып етіп ұша салған құс-бөбектер емес пе еді?! Айтпақшы, Е.Дүйсенбайұлы жетпіс жасқа толған шақта өзіміздің облыстық газетке жазған мақалам-да сол Жарқамыс, сол маңдағы әйгілі Жем өзені туралы айтпай қала алмағам:

«...Қазір ұлттық кітаптарды аз оқиды деп есептейтін жас буын үшін қайталап айтар болсақ, иә, Жем деген өзен бар.

Ес-ағаңның ізі қалған Жарқамыс деген (ол заманда базарлы, бұл за-манда да кедей емес) ауылдың түбінде үнсіз ағып жатқаны болма-са, атақты өзен. Атақты болатын бірнеше себептер бар.

«Ақ ерке» деген халық әнінің (кейін біреуге теліп жібермесек, өзiрге халық әні) «Ойыл қайда, Жем қайда, Сағыз қайда» деген алғашқы жолы-ндағы Жем — осы өзен. Бір деп қойы-ңыз.

Желмаямен жер-дүниені кезген Асан қайғының «Жемде кеңес қыл-мадың, Жемнен де елді көшірдің» дейтіні де осы атауға қатысты. Екі делік.

Мұхтар Мағауин аруақты «Аласа-пыраныңда» Бесоба батырды былай сөйләтетіні бар: «...Атымды тебініп жіберіп, түйетайлы жардан шатқаяқ-тай түсіп, Жемнің сарғыш, лайлы суына күмп бердім. Бірден-ақ шым баттым. Суық су бөлімнен келді. Әйткенмен, ағыс баяу. Астымдағы жабы — қартайғанша қой соңында өткен шабаң бірақ белді, жілікті ат еді, жануар, құлағы ғана көрініп жүзіп келеді...»

Же, осы үш фактімен тоқтайық. Халық әнінің белгісіз авторы, Асан қайғы, Мұхтар Мағауин... таңбала-ған сол Жемді кейін біз де көрдік.

Бұл Жеміңіздің суы сұмдық жұмсақ екен. Ойыл мен Бабатайға сүңгіп өскен реті келгенде Ертіс пен Есілге шомылып шыққан менің ба-

Есенбайдың оқырман ерекше ұнатқан мына шумақтарының түп-төркінінде де сол Жем, сол Жарқамыс жатқанын пайымдауға әбде-болады-ақ:

Жетісудың көктемі  
Күнде нәсер, көк мекен.  
Біздің ауыл шөлтері  
Шөлдеп тұрған жоқ па екен?

Алматының гүлзары —  
Алатаулы дүр мекен.  
Біздің ауыл қыздары  
Күнге күйіп жүр ме екен?..

«Мұның нәсін айтады? Белгілі ғой. Әрине, шөлдеп тұр, әрине, күнге күйіп жүр... Сонда да... осында бәрі бар. Сағыныш сазы десеңіз де, көңіл күй көрінісі десеңіз де, табиғат суреті десеңіз де, тіпті жеңіл де жылы юмор десеңіз де... бәрі бар», — деп жазды кейін «Жиырмасыншы ғасыр жырлайды» атты қос томдық қазақ поэзиясы антологиясын құрастыру-шы, әдебиеттанушы Сауытбек Абд-рахманов.

Осы лебізді одан әрі жалғар бол-сақ, өзінің көптеген тұстастары секілді Есенбай ақын да енді тіпті де қайтып оралмайтын күндер туралы «сағыныш сазы десеңіз де, көңіл күй көрінісі десеңіз де, жеңіл де жылы юмор десеңіз де» сыя беретін көпте-ген өмірлі өлеңдер қалдырды. Солар-дың бірі — «Қыз ұзатқан үй». Толық оқып шығайыңыз.

Таадыр: «Туған үйіңнен  
Табаныңды сыз», — депті.  
Қызыл-жасып кінген  
Қызық көтті, қыз көтті.

Алды-артына қарамай  
Айдың көлден зытты құс.  
Қулаққа ұрған танадай  
Тойдан кейін тып-тыныш.

Бозбалалар ерте-кеш  
Есік бағып жүрмейді.  
Ең аяғы ит өкеш  
Итке дәйін үрмейді.

Ақиқатқа сыймас түк  
Қаралы дәу бұл үйді.  
Сонда да бір қимастық  
Көкіректе ұлиды.

Ол бар кезде осы ара  
Ағытылған тиеті —



Күнде думан босаға  
Күмбірлеген күй еді.

Жұлдыз туса жыпырлап,  
Жұрт ұйқыға кіретін.  
Үй сыртында сықырлап  
Он сегіздер жүретін.

Той тарқаған шаңырақ,  
Төңкеріліп тостысы...  
Қараң қалды қаңырап  
Махаббаттың постысы.

Иә, заман сондай еді, басқа еді. Ал мына дәуіріміздің қызығы да бөлек, қызы да өзге. Бұлай болуы заңдылық та. Әкімнің де қажеті жоқ шығар. Дегенмен «...сонда да бір қимастық көкіректе ұлиды». Осыны одан әрі жалғайық. Қыз ұзатудың арғы-бергі жөн-жоралғылары туралы қаншама мақалалар оқыдық, қылқалам иелері қызылды-жасылды киінген қаншама қыздардың өткен замандардағы сурет-нобайларын ұсынды. Тамсанасың, қызығасың, бірақ тек тарихи, ұлттық дерек ретінде ғана қабылдайсың. Ал көкіректі ұлытатын мына өлеңнің жөні басқа. Соңғы кездері небір ірі шаһарлардың небір салтанатты мейрамханаларындағы қыз ұзату тойларын сыңсу көрністерін ұсынумен аяқтау дәстүрі енгізіліп келеді. Қыз кездері есіне түскен келіншектер де, кемпірлер де (тіпті кейде еркектер де) кездеріне жас іркеді. Есенбайдың «Қыз ұзатқан үй» өлеңі, қайталап оқып көрсеңіз, әріден жеткен сол сыңсулардың кейінгі кезеңнің суреттерімен толықтырылған поэзиялық полотнаның бір үзік нобайы секілді елестейді.

Қайталап айттайық, Есенбай талай тақырыптарды қозғайды: өлеуметтік сарындармен сырласты, пәлсапалық тұжырымдарды түйіндеді, тарихи штрихтарға қол созды. Бұл бағыттағы табыстары әр кездерде әртүрлі әрлі әңгімелердің өзегіне негіз де болды, дербес дәлелдемелермен нықталды. Әйтсе де біз бұл жолы басқаға емес, өлгі түпбастауға — жалпыға мәлім жыр-дастандардан су ішкен сыралғы сыңғыр әуендерге ғана тоқталуды мақұл көрдік. Иә, әуендер, құлағыңның түбінен көтпей тұрып алатын сыңғырлаған әуендер. Сіз талай рет байқадыңыз, батыр-

лар жырларын оқыған кезде әлдебір тұстан кейде еркеназ, кейде дүбірлі күйдің бе, әйтпесе бірде сылқым, бірде жігерлі әннің бе, әйтеуір әлдебір таныс музыканың әлсіз жаңғырығы естіліп тұратындай еді ғой. (Бұл ретте «Жар-жардың» немесе «Жайдарман», «Еркем-ай» тәрізді ойнақы халық әндерінің орны бөлек, әрине). Дегенмен мына заманда (соның ішінде кешегі ХХ ғасырда да) ескең өркендеген поэзияны, хари́п танымайтын (мейлі, аз-мұз танитын) тың-дарманнан сауатты оқырманға айналған талғамшыл жұртты сол баяғы соқпақпен жетелей беру мүмкін емес-ті. Солай бола тұрса да бала шақта көкірегіңе әлдебір сәуле түсірген әлдебір әуен-сөздерден біржола құтыла алмайтының және анық. Қазір өбден мойындалған фактілерге жүгінсек, 1886 жылы «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман...», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да...» деп басталатын удай ащы, түпсіз терең ойларға сүйрейтін өлеңдер жазған Абай дәл сол жылғы «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап...» пен «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақты...», сондай-ақ лекілдей соққан самалдай «...Шұрқырап жатқан жылқының Шалғыннан жоны қылтылдап, Ат, айырлар, биелер Бүйірі шығып, ыңқырлап, суда тұрып шыбындап, Құйрығымен шылпылдап, Арасында құлын-тай Айнала шауып бұлтылдап. Жоғары-төмен үйрек, қаз Ұшып тұрса сымпылдап. Қыз-келіншек үй тігер, Бұрала басып былқылдап, Ақ білегін сыбанып, Әзілдеп сыңқылдап...» деген төгілмелі туындысын, яғни, қалай болғанда да, таныс ырғақтарды еске түсіретін (мысалы, Қыз Жібектің жүрісі: «...Ақ маңдайы жарқылдап, Танадай көзі жалтылдап, Алтынды кебіс сартылдап...») атақты «Жаз» өлеңін де жазған (Ал Абай бұл өлеңінде бай ауылының сән-салтанатын суреттейтіні, оның үстіне тек тамаша көрністерді ғана қызықтап, қоғамдық, таптық қайшылықтарға назар аудармайтыны бертінге дейін мін ретінде көрсетіліп келгені басқа әңгіменің өңшісі).

Есенбайдың өткен күндер суреттерін әйтеуір бір таныс музыканың

үні алыстан еміс-еміс естіліп тұрғандай етіп жеткізетін өлеңдерін басқа қалам иелерінің туындыларымен шатастырып алу мүмкін емес. Жоғарыда еске салып өткеніміздей, біздің бозала таң мен бозторғайға қайта айналып соға беретініміз де сондықтан шығар. Оқиық:

Кимесек те біз көк сауыт,  
Көз ілмей өтті не түндер.  
Жиделі сайда шөп шауып,  
Жорықта жүрдік жетімдер...

Есіле басталатын осы шумаққа ілесе жалғаса беретін «Сыпа бір белден боратып, Сыпырса сәуле томаға...» немесе «Тапырақтатып түйені Таң атпай салдық сайларға...» әйтпесе «Атса да қанша іркілмей Бозала таңдар бояп қас...» деген сияқты төкпе жолдарды және тіркесек, таңғы сәттің бір мезетін бейнелеу арқылы бүкіл гүмбірдей қайта еске түсіретін мағыналы мазмұнды былай қойғанда, сол кезгі құс ұйқылы балалық шақтың драмасын ақынның еш зілсіз, еш жазғыру ниетінсіз, оның орнына желдірме әуенге лайықталғандай көркемдікпен ұсына қойғанына таңырқап та қарайтындайсың. Ал сол балалардың өздері осындай болғанда әкелері кім еді:

Толықсып іңір сары майдай,  
Толқиды дала қиыр-бөлеңі.  
Емшегі сүтпен жарылардай  
Емпілдеп қырда сиыр келеді.

«Әукім!», «Әукім!» — таласып үң  
Құйылыңдар қиыр жақтан.  
Мен — шаруаның баласымың,  
Әкем менің сиыр баққан...

Бұл 1940 жылы және сол шамада туған ақын-жазушылардың (әріне, басқалардың да) барлығының дерлік басынан өткен жағдайлар еді ғой. Сол себепті олар «Біздің толқын» деп аталатын өлеңнің мына жолдарын өте түсіністікпен қабылдаған-ақ шығар:

Туған өңір қайырымды,  
Қанша шілде өтпеді —  
Сабы сынаан айырымды  
Шөпке шаңшып көткелі.

Ақпа жыр бол борлап шығар  
Алқынтып тұр күй мені.  
Армысыңдар, орақшылар,  
Пішенші ауыл үйлері!..  
Сөйтіп, тоғыз шумақты оқып бола

келе, соңғы, оныңшы шумақты және бір қайтара оқыған да шығар:

...Қайран аңқау қайырлы шақ,  
Қалдың өкен бүгінде —  
Сынық сапты айыраа ұсап  
Қай шөмеге түбінде?!

Өлеңнің көкейге қона қалатын мазмұны өз алдына ғой, ақынның сол мазмұнды тіл (ой) тұтықпайтындай, қыркүйектің сабырлы таң сәрсінде кенеттен тұла бойыңды аймалай жөнелетін жылы лөптей өзгеше сөзбен жеткізуі тіпті толқытып жібереді. Небір аллитерациялар мен қилы ассонанстар арқылы көркемделген талай өлеңдерді оқыдық. Бірақ, расын айтсақ, солардың көпшілігі-ақ зорлап қиыстырудың жемісі, яғни жаттанды машықтың кәсіби тауары болғандықтан, көз қызықтырғанмен, көңіліңді тербете алмайды. Ал Есенбайдың өлеңдеріндегі ішкі ырғақ жүде басқа жайлаудың шалғыны. Буын мен буын бір-бірі құшақтап тұрады, ұйқас пен ұйқас бейне бір илеуі қанған сазға отырғызылған кірпіштердей кінәратсыз жымдаса кетеді. Өзі де талғампаз ақын Жүрсін Ерманның: «...Мейір қандыратын кәусар жыра шөлдеген көзімде, яки шеберлікке таңырқағым келген кезде, мен Есенбай көкемнің кітабын іздей бастаймын» дейтіні де сондықтан шығар.

Есенбайдың кітабын іздейтіндердің және бірі, сірә, жазушы Тынымбай Нұрмағанбетов болса керек. Өйткені ол Есенбай ақынның өлеңін көркем прозалық туындыға сезімтал шеберлікпен кіріктіргені сондай, тіпті қолына қалам ұстамайтын оқырманның өзі де осы тұста ақын болғысы келіп кететін тәрізді. Тек «Бұлақ» деп аталатын осы әңгімедегі Ертілеуді бір кезде Жарқамыс орта мектебінде мұғалім болған Есенбай ретінде, Қарабұлақты сол аумақтағы Үшбұлақ ретінде («...Аспаны түпсіз тұңғық, Үшбұлақ қайда мың шилі?!») қабылдасаңыз аса қателеспейтін де сияқтысыз. Расына келгенде, Мұқағали бекер де айтпаған ғой: «...Барлық ақын баласы бір ананың». Жас мұғалім ақынның қыстың көзі қырауда ауыл сыртындағы Қарабұлаққа келген сәтін жазушы Тынымбай өзіне тән нәзік лиризммен сөл езу тарттыра суреттейді:

«... — Айналайын Қарабұлақ, қасиетті Үлкен Анамыз, жатырсың ба жалғыз өзің? Жалғызсырадың ба? Мен келдім ғой. Мына Қошқарбай екеуіміз өзіңе келдік, — деді Ертілеу қарға омбылай, асыға басқан күйі бұлақ көзіне жақындай беріп.

— Иә, Қошқарбай екеуіміз келіп қалдық, қасиетті Қарабұлақ!

Оның мына сөздері Қошқарбайға тым ерсі естілді. Әсіресе, «мына Қошқарбай екеуіміз келіп қалдық» деген кезде, Қошқарбай ұялғанынан қып-қызыл болып кетті. «Ертілеудің мына сөздері, біреу естісе, ұят-ау, — деп ойлауы үшін — «Кімге сөйлеп жүр? Неге сөйлеп жүр?» дейді-ау». Ертілеудің сөзіне соншалық қысылғандықтан да, Қошқарбай аяғын самарқау басып, кейін іркіліп қалды да, бұлақтың кезінен бес-алты қадам жердегі тасқа отыра кетті. Қошқарбай ол үшін ұяттан өлердей болып, жерге қарап отырғанда, Ертілеу ештеңеден асып-сасатын емес.

— Қасиетті Қарабұлақ, суыңнан дәм татам, — дейді даусы қалтырап. Сонан соң бұлақ көзіне етпетінен жата кетті де, буы бүрқырап жатқан мөп-мөлдір суға бас қойды.

Сәлден соң орнынан тұрып, үстінің қарын да қақтап аңадай жерде отырған Қошқарбайға бұрылды.

— Сен неғып отырсың? Қарабұлақтың суының дәмін тат! — деді. Қошқарбайды кінәлағандай әр сөзін қадап айтты.

Қошқарбай амалсыз орнынан тұрып, бұлақ көзіне қарай кібірткітеп жүре бастады. Бұлақ көзіне таяу жерге келіп отырды да, қос ұысымен су ішті. Бұлақтың суы жыпылы екен. «Бір ұрттап қоя салсам, Ертілеу реніш білдірер» деп, бірнеше рет ұрттады...»

Міне, осылайша өрбитін әңгіме одан әрі Ертілеу ақынның «Жаным менің! Мына жарық дүниеде...» деп басталатын өлеңді оқуымен өлеңді есі кете тыңдаған Қошқарбайдың «Мынау Ертілеу шың ақын екен» деп тамсануымен одан да әрі қарай қызықтыра жалғаса береді. Жазушы Тынымбай осы әңгімені жазар кезде

әуелі ақын образын ойлап тапты ма, әлде өлгі өлең арқылы кейіпкер пайда болды ма, мәселе тіпті де оған тіреліп тұрған жоқ. Ең бастысы сол сүйікті қаламгеріміз нағыз ақын мен көрікті өлең туралы бас алмай оқитын өте әсерлі әңгіме жазып шыққан Оған қоса, материал ретінде алынған Есенбайдың өлеңін Қошқарбай кейіпкердің іштей толғаныстары арқылы толық талдап та берген Біздің қосарымыз, бұл өлең Есағанның «Ақпейіл» деп аталатын екінші жыр жинағында жарияланған болатын.

Ал тағы бір таңдаулы жазушы Қарауылбек Қазиев Есенбайдың «Сенің көзің сондай сырлы, сондай тұнық, мөп-мөлдір...» дейтін жолдармен шуақ төгетін өлеңін «Біз абитуриент едік» деп аталатын повесіндегі бірінші жақтан сөйлейтін кейіпкерінің — Қаржаудың тіліне іліктіреді: «...Түп-тура өз жүрегімінен шыққандай-ақ, осы шумақтарды «тақ-тақ» соғылған дөңгелек ырғағына қосылып әлденеше айтып шықтым».

Міне, осы екі мысалдан кейін өлеңдері көркем (деректі емес) прозалық туындыларға толығымен еркін еніп кететін ақындар көп те еместігіне және бір ден қойғанымыз жөн секілді.

Ал Есенбайдың әлдебір өлеңдері мен әлдебір шумақтарының немесе қандай да бір жолдарының есте ерекше тұтылып қалатын себебі, жоғарыда жолшыбай айта кеткеніміздей, қатарласа сап түзеген сөздер мен іргелесе қонған буындардың бір-бірін жатырмайтын үйлесімді өзгештігінде болса керек. Оқып көрейік: *Бозбауыр аспан иіп бір, Рахат жаңбыр құйып тұр. Тобықтай ана бозторғай Тобылғыдан аласа, Тораңғыдан биік тұр. Толқын-толқын күйіне Тоқсан тарау сылып тұр. Тылсым тартып дүние Тыңдай берді ұйып қыр...*

Далада өскендер тап осындай жаңбырлар болатынын ұмытқан жоқ. Торғайдың тынымсыз шырылы басылып, тобығы да, тораңғы да, әлбетте, қыр да, қыр баласы да әлдебір сытыр-сытыр күй-әуенді ұйып тыңдап қалатын шақтың мөлдіреген суреттерін ақын сол күй-әуеннің өз дыбысымен, өз үнімен жеткізіп-ақ тұрған жоқ па?!

Әңгімеіміздің тоқтатып міне, осы тұстан қайырмағанды жөн көріп отырмыз.

«Бозала таң мен бозторғай» — Есенбай поэзиясын ешуақытта шөлдетпеген түп-тамыр. Сол бозала танның бозымсыз сәулесі мен сол бозторғайдың нәзік шырылы, сол образдар мен сол айшықтар, сол қанық ұлттық бояу мен сол сиқырлы ұлттық саз ақынның кейін қатарға қосылған мол мұрасының қай-қайсысын да ренжіткен емес. Мысалы, мынау бергі кезде жазылған өлеңнің бастапқы шумағы:

Жылуы қашқан жылты көм  
Жылдардан шықтық өлмей біз.  
Қиямет көзгі Гүлтікен —  
Біз,  
Қиянаттарға көнбейміз!

Осы төкпе лөп пен әр сөзді әлділеуге өзін тұратын әсерлі әуенді тек өлеңдерден ғана емес, ақынның барлық дастандарынан да тауып аласыз. Мысалы, әрідегі «Үшбұлақ, Қызылбұлақ, бұлақ, бұлақтың...» тағы да оқып шығыңыз немесе берідегі «Күлтөпін тасқа» қайта көз жүгіртіңіз, бейне бір әуезбен оқуға әдейі лайықталған туындылар секілді. Бұндай ерекшеліктерді, ілгері буынды былай қойғанда, қазіргі жас толқын өкілдерінің бірі, ақын Ырысбек Дәбей де тап басыпты. Ол «Ақындардың ақыны» деп аталатын мақаласында («Қазақ әдебиеті», 2011, мамыр, №20): «...Есағанның басқан пернесі «әуені бойды билер» тұстан адасқан жоқ. Ақын өлеңіндегі ішкі музыканың үндестігіне тәнті боласың» дейді.

Өлеңнің міндеті, сірә, үнемі сары уайымға батырып, мынау қаталдау заманда онсыз да жаны жалаңаштанып жүрген пенде байғұстың жарасын тынымсыз тырналай беру де емес шығар. Бір мезет өзіңе бұйырып шағын өмірнамаңды әлділейтін әуендерді де аңсауға хұқың бар ғой. Сондай әуез иелерінің бірі Есенбай Дүйсенбайұлы екені есіңізде жүргей.

Ертай АШЫҚБАЕВ.